



«Бекітемін»  
Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым вице-министрі  
Е.И.Иманғалиев  
« 1 » маусым 2016 ж.

### Тест спецификациясы

**1. Тақырыбы:** Жалпы білім беретін орта мектептің бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған тест

**2. Құрастырылу мақсаты:** Тест педагог қызметкердің біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында құрастырылған.

**3. Міндеті:** Кәсіби құзыреттілік деңгейін анықтау.

**4. Тест мазмұны:**

Б1 бөлігі - бір дұрыс жауабы бар (1/5) 10 тапсырма,

Б2 бөлігі - бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар (б/б) 5 тапсырма,

Б3 бөлігі - бір жағдаятқа (бір дұрыс жауабы бар) 5 тапсырма.

Тестке негізгі бөлімдердің материалдары енгізілді.

Тест тапсырмалары 3 қиындық деңгейінен тұрады.

Бірінші деңгей (А) - 5 тапсырма.

Екінші деңгей (В) - 11 тапсырма.

Үшінші деңгей (С) - 4 тапсырма.

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Қиындық деңгейі	Тапсырма формасы	Тапсырманың тестідегі орны
1	Фонетика	1	Дауысты, дауыссыз дыбыстар. Буын және тасымал. Үндестік заңы	А	н/н	Б2-1
2	Лексика	1	Сөз және оның мағынасы (сөздің тура мағынасы, ауыспалы мағынасы, көп мағыналы сөздер). Омоним. Антоним. Синоним	В	1/5	Б1-1
3	Синтаксис	1	Сөз тіркесі. Сөйлем. Сөйлем мүшелері. Жай сөйлем. Құрмалас сөйлем.	В	1/5	Б1-2
4	Морфология	1	Зат есім. Сын есім. Етістік. Есімдік. Сан есім. Үстеу, Шылау. Сөз құрамы және сөзжасам.	В	1/5	Б1-3
5	Халық ауыз әдебиеті	1	Эпос. Аңыз. Шешендік сөздер. Халық ауыз әдебиеті. Мақал-мәтелдер, жұмбақ, жаңылтпаштар. Төрт түлік туралы жырлар. Ертегілер. Батырлар жыры. Айтыс.	В	1/5	Б1-4
6	Өшпес өмір өнегелері	1	Жоңғар шапқыншылығы кезеңіндегі шығармалар. Ұлы Отан соғысы кезеңін суреттейтін шығармалар. Халық батырлары.	В	1/5	Б1-5
7	Туған өлкем - туғырым	1	Туған жер туралы шығармалар.	В	1/5	Б1-6

8	Есеп және оны шешу процестері. Алгебраның элементтері.	1	Арифметикалық амалдарды әрқайсысының және артық (кем), есе артық (кем) қатынастарының мән мағынасын ашатын, шамалар арасындағы тәуелділікке берілген бір амалмен шығарылатын есептер. Қозғалысқа берілген, егістікке арналған есептер.	С	н/н	Б2-2
		2	Жақшалы және жақшасыз өрнектерде амалдарды орындаудың рет тәртібі.	В	н/н	Б2-3
		3	Бүтін және бөлшек сандар. Бөлшек амалдары. Санның бөлшегін, бөлшегі бойынша санды табуға берілген есептер.	А	1/5	Б1-7
9	Геометрияның элементтері	1	Геометриялық фигураларды бір-бірінен ажырату. Тіктөртбұрыштың, шаршының периметрі және ауданы. Үшбұрыштың, көпбұрыштың периметрі. Тікбұрышты параллелепипедтің, текшенің көлемі. Шеңбер мен дөңгелектің центрі, радиусы, диаметрі.	С	н/н	Б2-4
10	Шамалар және оларды өлшеу	1	Шамалар: ұзындық, масса, сыйымдылық, уақыт. Шамалардың өлшем бірліктері және олардың ара қатынасы. Санның квадраты мен кубын табу	В	н/н	Б2-5
11	Табиғат	1	Қазақстанның өсімдіктері мен жануарлары. Өсімдіктердің көптүрлілігі. Жануарлардың көптүрлілігі. Ауа. Су. Топырақ. Қоршаған ортаны қорғау. Пайдалы қазбалар, олардың топтары. Жер. Жұлдыз. Планета. Галактика.	А	1/5	Б1-8
12	Адам	1	Адам және денсаулық. Адам ағзасы мен гигиенасы	В	1/5	Б1-9
13	Қоғам	1	ҚР Конституциясы және мемлекеттік рәміздері. Мемлекеттік басқару органдары.	С	1/5	Б1-10
14	Жағдаяттық тапсырмалар: Әртүрлі түрдегі (тест, таблица, график, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б) ұсынылған ақпарат негізіндегі жағдаяттар (оқиға, мәселе, шынайы өмірде болған оқиға).			А, А, В, В, С	1/5	Б3-1-5

### 5. Тапсырма құрамының сипаттамасы:

**Қазақ тілі :** Фонетика.Лексика.Морфология. Синтаксис.

**Әдебиеттік оқу:** Арнаулы бұлақ асыл сөз. Туған өлкем – тұнған шежіре. Әдептілік, ар ұят-адамдықтың белгісі. Менің алыстағы достарым.

**Математика:** Сандардың нумерациясы. Арифметикалық амалдар және олардың қасиеттері. Ауызша және жазбаша есептеу әдістері. Алгебраның элементтері. Геометрияның элементтері. Есеп және оны шығару процесі. Шамалар және оларды өлшеу.

**Дүниетану:** Табиғат. Адам. Қоғам.

**6. Тапсырмалар орындалуының орташа уақыты:**

Тестінің бір тапсырмасын орындап шығуға белгіленген уақыт – 2 минут.

Тестінің толық толық орындалу уақыты – 40 минут.

**7. Тапсырма мен нұсқаулар саны:**

Тест нұсқаларының баламалылығы:

- тестілердің спецификацияға сай құрылуымен;
- өзара ауыстыруға келетін тапсырмалардың әр түрлі нұсқаларда бір орында келмеуімен;
- барлық нұсқаларда қиындық деңгейінің бірдей болып келуімен жүзеге асырылады сақтау.

Бір тестіде – 20 сұрақ.

**8. Бағалау:**

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін - 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл алады.

Бірнеше жауап нұсқасынан барлық дұрыс жауаптар үшін - 2 балл,

- жіберілген бір қате үшін - 1 балл,

- екі және одан көп қате жауап үшін – 0 балл беріледі.

**9. Ұсынылған әдебиет:**

1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».

ҰТО директоры



Қ. Әбдиев